



Сәуірдің 1-ші күні – Ақпараттық қоғамның құрылуының басталуы

Ақпараттық қоғамның құрылуы

Ақпараттық қоғам – адамдар арасындағы ақпарат алмасуының
құрылуы

Ақпараттық қоғам – ақпараттың өмірдегі ролінің
өзгеруіне байланысты

9- дәріс

Тақырыбы: Асбұршақ және майбұршақ. Олардың тағамдық және мал азықтық құндылығы. Биологиялық ерекшеліктері. Өсіру технологиялары

Мақсаты: Студенттерді ас бұршақ өсіру технологиясы және өнімді жинау ерекшеліктерімен таныстыру

Міндеті: ас бұршақтың өсіп даму ерекшеліктерін үйрету

Түйінді сөздер: ақуыз, күнжара, температура, сүдігер, агротехника

Жоспары:

1. Халықшаруашылығындағы маңызы
2. Дақылдардың биологиялық ерекшеліктері
3. Ас бұршақ, май бұршақ дақылдарын өсіру технологиясы

1 **Асбұршақ** біздің елімізде барлық дәнді бұршақ егісінің 80%- дан астамында өсіріледі. Оны азық- түліктік және мал азықтық дақыл ретінде өсіреді. Оның тұқымдары амин қышқылдарымен теңдестірілген белокқа бай, олар жақсы пісірілуімен және жоғары дәмдік сапасымен ерекшеленеді. Пісіп – жетілген және шала піскен тұқымдары, сонымен қатар көкеністі сорттарының жасыл бұршаққаптары консерві өнеркәсібінде пайдаланылады. Ас бұршақ көптеген дақылдарға тамаша алғы дақыл, өйткені ол топырақта 50-70 кг/га дейін азот қалдырады.

- 2 Асбұршақ барынша ерте пісетін дәнді дақылы. Өсіп – жетілу кезеңі сортына және өсіру жағдайларына байланысты 70-тен 140 тәулікке дейін созылады. Асбұршақ - өздігінен тозаңданатын өсімдік, алайда жазы ыстық және құрғақшылықты жылдарны ашық гүлденуімен қатар шамалы мөлшерде айқас тозаңдануы байқалады. Температураға, ылғалға және топыраққа талаптары. Асбұршақтың жылуға талабы жоғары емес. Оның тұқымдары 1- 2⁰С өне бастайды. Оның өніп көктеуіне 15-20⁰С , ал дәндердің толысып пісуіне 22-26⁰С жылылық оңтайлы деп есептеледі. Асбұршақ – құнарлығы жоғары “бидайлық” топырақтар дақылы. Ол үшін жеңіл құмдақ топырақтар, қышқыл және сортаң топырақтардың жарамдылығы шамалы.

Тыңайтқыш қолдану. Асбұршақ тұққымдарының әрбір центнері тиісті мөлшердегі сабанмен топырақтан 6,0-6,5 кг азот, 1,6-1,8 кг фосфор және 2,0-2,5 кг калий шығындайды. Оның қоректік заттарға барынша көп қажетсінуі бүрленуден гүлденудің соңына дейін. Нақты жағдайларға байланысты асбұршаққа 50-60 кг P_2O_5 және 40-50кг /га K_2O енгізіледі.





- **3 Ауыспалы егістегі орны.** Асбұршақ жақсы алғы дақылдар- өздерінен кейін топырақты арамшөптерден таза және жеткілікті мөлшерде қоректік заттар мен ылғал қалдыратын дадақылдар. Оларға сүріден кейін жаздықтар және жақсы дәнді дақылдар мен техникалық дақылдардың арасына орналастырады.
- Алғы дақылға өте талғампаз, майбұршақты көңмен тыңайтылған танапқа егілген күздік дақылдардан кейін, бедеден, жүгеріден және көпжылдық шөптен кейін орналастырады.




- **Топырақ өңдеу** ас бұршақты дәнді астық дақылдарынан кейін орналастырғанда алғы дақылды жинап алысымен топырақты 22-25 см терең қопсыту қажет. Себу алдында әдетте топырақ тұқымның сіңіру тереңдігіне культивацияланады, бір мезгілде тырмаланады. Асбұршақ топырағын өңдеу жүйесі мүмкіндігіне қарай терң және көопсытылған топыраққа қабатын қалыптастыру, арамшөптермен тиімді күресу, топырақта ылғал жинау мен сақтау шараларын қамтамасыз етуге бағытталады. Көпжылдық арамшөптерді аз жерлерде алғы дақылды жинап алған соң бір рет 6-8 см терңдікке ЛДГ-10, ЛДГ-15 құралдармен сыдыра жыртады, текінші рет арамшөп өне бастағанда тБДТ-7,0 немесе БДТ-10 тырмаларымен 10-12 см терңдікке тырмалайды. 10-15 күн өткеннен кейін ПТК -9-35 немесе ПЛН-6-35 соқалармен 25-27 см терңдікке сүдігер жыртылады.

● **Тұқымды себуге дайындау.** Себуге асбұршақтың тұқымдық кондицияға жеткізілген ірі және біркелкі тұқымдарын пайланады. Ону энергиясын, танаптық өнгіштігін арттыруда, қуатты егін көгін алуда және жас өркендерді микроорганизмдерден, саңырауқұлақ аурулары мен зиянкестердің зақымдануынан сақтандыруда тұқымады дәрілеудің маңызы зор. Ылғалды аудандарда және суармалы жерлерде асбұршақ тұқымын нитрагинмен өңдеу жақсы нәтиже береді: өсімдік тамырларында түйнек бактерияларының түзілуіне мүмкіндік жасайды, азотфиксациясын күшейтеді және нәтижесінде астық өнімі артады.

● **Себу жұмыстары.** Асбұршақты ерте жаздық астық дақылдармен бір мерзімде себеді, топырақтың беткі қабатындағы ылғалды жоғалтып алмай тұрғанда. Солтүстік және Орталық Қазақстанда мамыр айының екінші онкүндігінің соңы үшінші он күндігінің басы и 15-25 мамыр. Оңтүстік Қазақстан облыстарында сәуір айының екінші он күндігі 11-20 сәуір, Шығыс Қазақстанда мамырдың екінші- үшінші бескүндігі 6-15 мамыр да себіледі. Асбұршақты әдеттегі жаппай қатардағы тәсілмен себеді, ал тұқымдық алақптарда жаңа келешекті сорттарды жедел көбейту үшін кең қатарлы тәсілді қолданады. Қазақстанның барлық аймақтарында жаппай қатардағы тәсілмен-қара- қоңыр және оңтүстік – қара топырақтарында 0,7-1,0 млн/га өнгіш тұқымы, ал кәдімгі қара топырақтарында 0,8-1,2 млн .га өнгіш тұқым себіледі. Ірі тұқымды асбұршақ сорттары үшін оңтайлы себу мөлшері 0,8-0,9 млн .га өнгіш тұқым. Салмақтық себу мөлшері ірі тұқымды сорттарда 240-300 кг.га, ал ұсқақ тұқымдыларда 150-200 кг,га. Асбұршақ топырақ және метеорологиялық жағдайларға қарай: қара топырақты аймақтарда тұқымды 6-8 см сіңіреді, құрғақшылықты аудандарда 8-9 см.

ФАЗЫ РАЗВИТИЯ

				
НАБУХАНИЕ СЕМЯН И РОСТ ПРОРОСТКОВ	ВСХОДЫ	ПОЯВЛЕНИЕ ТРЕТЬЕГО НАСТОЯЩЕГО ЛИСТА	ВЕТВЛЕНИЕ	БУТОНИЗАЦИЯ

ОПТИМАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ

ВЛАЖНОСТЬ ПОЧВЫ 80–100% НВ		70% НВ	
t° ПОЧВЫ 15–20°С	t° ВОЗДУХА 18–22°С		t° ВОЗДУХА 21–23°С
ПОВЫШЕННАЯ ПОТРЕБНОСТЬ В Р, Со, Мо			ПОВЫШЕННАЯ ПОТРЕБНОСТЬ В N, К, В



- **Асбұршақты күтіп баптау** танапты егін көгі шықпай тұрып және бірінші үштік жапырапқ шыққанда қатар бағытына көленең тырмалау, КРН-4,2 қопсытқышы және КРН-38 отағыш тырмасымен 2-3 қатараралық өңдеулер мен үстеп қоректендірулерден тұрады. Құрғақшылық аймақтардасуаруды пайдалану өте тиімді өнімділік екі есеге дейін көтеріледі.
- Майбұршақты оңтайлы ылғалмен қамтамасыз ету ережесі гүлдегенге дейін топырақтың 50-70 смқабатында ылғалдылықты ең төменгі ылғал сиымдылықтың 70%деңгейінде ұстап тұру, ал гүлдену, бұршаққапе пайда болу және тұқымның толысу кезеңдеріне сәйкес келеді.

- **Өнімді жинау.** Біркелкі піспеуі, піскен бұршаққаптардың жарылуға бейімділігі және сабақтарының жапырылғыштығы асбұршақ егістігін жинауда қиындықтар туындатады. Жақсы нәтижелер екі кезеңді жинау тәсілінде алынады. Екі кезеңді жинаудың оңтайлы мерзімі асбұршақтың бұршаққаптарының 75-80% сарғайғанда немесе тұқымдарының ылғалдылығы 30-40% жеткенде. Дестелерді жинап бастыру СК-3, СК-4; Енисей -1200 комбайндарымен асырылады.

Пысықтау сұрақтары:

- 1 Республикада асбұршақ дақылдары қай жерлерінде өсіріледі
- 2 Дәнді бұршақ дақылдарының халықшаруашылығындағы маңызы
- 3 Дақылдардың ауыспалы егістері және жақсы алғы дақылдары
- 4 Дақылдарды жинау ерекшеліктері

- **Әдебиеттер:**
- **Негізгі:**
- 1 Қ.Қ.Әрінов “Өсімдік шаруашылығы”
Ақмола , 1996, 31-38 б
- 2 Қ.Қ.Әрінов және т.б “Өсімдік шаруашылығы” Алматы 2011ж
- **Қосымша:**
- 2 М.Ерлепесов және т.б “Суармалы егіншілік”, Алматы 1968, 51-87 б